

научно-  
производственный  
журнал

# НАУКА

**1** март  
**2015**



Главный редактор  
ИСМУРАТОВ С.Б. д.э.н.,  
профессор, академик МААО  
(г. Костанай)

Заместитель гл. редактора  
МУРАТОВ А.А., к.с.-х.н.,  
доцент, чл. корр. МААО  
(г. Костанай)

Члены редколлегии:  
АСТАФЬЕВ В.Л., д.т.н.,  
профессор, академик,  
член-корр. КАСХН  
(г. Костанай)  
БАЙМУХАМЕДОВ М.Ф., д.т.н.,  
профессор (г. Костанай)  
ВАШАКИДЗЕ А.А., д.т.н.,  
профессор (г. Тбилиси)  
ГОРШКОВ Ю.Г., д.т.н.,  
профессор (г. Челябинск)  
ДЕЙНЕГА В.В., к.т.н.,  
профессор, академик МААО  
(г. Костанай)  
ЖУНУСОВ Б.Г., д.э.н.,  
профессор (г. Кокшетау)  
КЕНДЮХ И.Г., д.э.н.,  
кондатор (г. Петропавловск)  
КОНДРАТОВ А.Ф., д.т.н.,  
профессор (г. Новосибирск)  
ЛАЗАРЕНКО В.Н., д.с.-х.н.,  
профессор, академик МААО  
(г. Гроизц)  
ПИОНТКОВСКИЙ В.И., д.в.н.,  
профессор, академик МААО (г.  
Костанай)  
САЛАМАТОВ А.А., д.п.н.,  
доцент, (г. Челябинск)  
САТУБАЛДИН С.С., д.э.н.,  
профессор, академик НАН РК  
(г. Алматы)  
СТЕЛЬМАХ В.В., к.мед.н.,  
главный врач Костанайской  
областной больницы  
(г. Костанай)  
ТРИФОНОВА М.Ф., д.с.-х.н.,  
профессор, академик МААО  
(г. Москва)  
ШАЯХМЕТОВ Б.Д., д.э.н.,  
профессор, академик МААО  
(г. Костанай)

№ 1 (53)

СОДЕРЖАНИЕ

2015

**БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ И НАУКИ ПО ТЕХНОЛОГИИ ПРОИЗВОДСТВА  
И ПЕРЕРАБОТКИ ПРОДУКЦИИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО  
ПРОИЗВОДСТВА**

- Онгарбаева Н., Нургожина Ж.К.* Қазақстанда өндірілетін тритикале дақылның наубайханалық қабілетін зерттеу..... 5  
*Онгарбаева Н. Нургожина Ж. К.* Кішігірім диірменде бидайдан сұрыптық ұн тартуда жармалық өнімдердің пайда болу үрдісін қарастыру..... 7  
*Кехтер И. В.* Анализ сроков хранения творога в зависимости от упаковки..... 12

**ОБЩЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ**

- Кульбаева М.М.* Махамбет қолданысындағы көріктеу құралдарының қолданысы ..... 16  
*Испандиярова А.Т.* Көркем прозада ұлттық танымның берілуі..... 18  
*Абылбекова Б.Т.* Фразеологизмдердің құрылымдық тұрақтылығы мен мағыналық сипаты..... 21  
*Товбин К.М.* Религиозная гальванизация как постсекуляризация..... 24

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ**

- Vazarbekova D* Cognitive styles as a basis for student-centered learning a language... 29  
*Байспай Г.Б.* Ғылыми білім беру кәсібін басқарудың ақпараттық жүйесі..... 34  
*Изембаева А.Е., Рахимова А.* Инженерная педагогика – основа профессиональной подготовки инженеров..... 38  
*Себряева Н.С.* Организация процесса обучения физической и коллоидной химии на основе кейс-метода ..... 42  
*Себряева Н.С.* Самостоятельная работа как основа повышения качества профессиональной подготовки студентов..... 47  
*Ельчибекова А.А., Сальжанова А.С., Курманова А.Ф.* Квантово-химические исследования протолитической способности этилендиамина..... 51  
*Тенчурина Л.З.* О проблемах профессионального образования и трудоустройства молодежи в малых городах..... 56  
*Постоян Т.Г.* Содержательно-целевой аспект организации научно-образовательного центра подготовки кадров в структуре виноградарского кластера..... 59  
*Нурсеитова А.А.* Көркем шығармалардағы мақал-мәтелдер лексикасының өзгерістері (а.байтұрсынов шығармалары бойынша)..... 63  
*Чернявская О.М., Мадин В.А.* Электронные ресурсы как средства обучения инновационной образовательной среды..... 66  
*Мукашева Р.А.* С. Мұқанов прозасындағы эпитеттердің қолданылу ерекшеліктері..... 69  
*Сарманова Ф.Т.* Жарнама тілі саласы қазақ тілінде жана сала деп қарастыруға болады..... 72  
*Гладкова В. Н.* Профессиональное самосовершенствование руководящего состава высших учебных заведений..... 74  
*Долженков О.А.* Изучение юридических аспектов управления образовательным учреждением в структуре формирования правовой компетентности менеджеров образования..... 78  
*Бакенова М.Б.* Дидактика e-learning: разработка дидактического дизайна..... 83  
*Шаматова Б.А.* Халықтық педагогика – тәрбиенің қайнар бұлағы..... 87  
*Жақыпова Ғ.М., Иманғалиева Б.К., Оқапова М.И.* Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту..... 90



МАХАМБЕТ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ КӨРІКТЕУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ  
ҚОЛДАНЫСЫ

*Кульбаева М.М., А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, филология магистрі*

Бұл мақалада Махамбет Өтімсіұлы поэзиясына тән белгілер сараланып, салыстырулар жасалған.

В данной статье рассмотрен поэтический контраст, стиль произведения М.Утемисова и проведен сравнительный анализ.

This article is devoted to examination style of the poetry M.Ytemisova and taking comparative analysis.

Махамбет шығармалары - бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Ол жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. Махамбеттің сөз қолданысындағы және бір ерекшелік әдеби – көркемдеу тәсілдеріне катысты. Ақынның көптеген эпитет, теңеу, метафоралары, өзіне дейінгі бай ауыз әдебиеті мен ақын-жыраулар тілінен алынған. Сонымен қатар Махамбеттің өзі қосқан тың образдары қазақ поэтикасына әкелген үлесі болды. Көркемдік, прагматикалық бояуы айырықша коннотаттық компонент мағынасына тең келетін сөздердің басым көпшілігі троптар негізінде пайда болады. Олар айтылмақ ойға сай көркем бейне сомдай келе, автордың көзқарасын, дүниетанымын, эстетикалық талғамы мен сөз жұмсау шеберлігін танытады.

Махамбет негізгі тақырыбына орай қару-жарақ, сауыт-сайман атауларын кеңінен қолдана отыра, өз тындармандарына жақын, түсінікті болу үшін халықтың тұрмыстық, әлеуметтік тәжірибесін, ұлттың психологиялық, философиялық ойын танытатын этномәдени бірліктерді көркемдік қажетіне қарай ұтымды пайдаланып отырған. Бұл мәдени ақпарат мазмұнын қамтитын тілдік таңбалар *метафора, теңеу, эпитет, метонимия, синекдоха, ұлғайту (гипербола)* сияқты көріктеу құралдары мен амалдары негізінде көрініс тауып, автордың ойын дәл, экспрессивті, сомдамақ бейнесін көркем, айшықты болуын қамтамасыз етеді.

Эпитет – бұл белгілі бір заттың сын-сипатын ғана танытатын құрал емес. Ол көркем мәтін ішінде, әсіресе, поэзия тілінде кеңінен қолдана келе, көркемдеуіш, бейне тудырушы және коммуникативті-прагматикалық қызметтерімен де ерекшеленетін көркем мәтін компоненті болып табылады. *Эпитеттер* поэзия тілінде көркем бейне сомдай келе, автордың дүниетанымын, эстетикасын, белгілі бір затқа немесе құбылысқа деген субъективті көзқарасын, идиостилін танытатын көркем дүниелер болып есептеледі. Сондықтан да болса керек эпитеттер Махамбет шығармаларында кеңінен қолданыс табады: егеулі найза, қозы жауырын оқ, балдағы алтын құрыш болат, қарқыны күшті көк семсер, қоңыраулы найза, орма мылтық, жалаулы найза, шал жебе, толғамалы ақ мылтық, көн садақ, қималы найза, ақ семсер, қанды көбе, ақ сұңқар, аймақ көл, қоғалы көлдер, алалы жылқы, мұнар күн, жалған дүние, ана Еділ т.б. Бұлар мәтін ішінде көркемдік қызмет атқара келе, әсем де әсерлі бейне сомдау үшін қолданылады.

Махамбет тіліндегі келесі өнімді бейнелеу тәсілдерінің бірі – *теңеу*. Теңеу - интеллектуалды қызметтің ең бір көне түрі ретінде таныла келе (Э.Сепир), ұлттық сана-сезіммен, халықтың мәдениетімен, адамдардың өмірлік тәжірибесімен астасып жататын лингвомәдени бірлік болып табылады. Махамбет шығармаларында кеңінен орын алған теңеулердің бір түрі - бұл халық ауыз әдебиетінде, жыраулар туындыларында жиі қолданылып, тұрақтанған дәстүрлі поэтикалық теңеулер. Олар ақын поэзиясының ұлттық нақышын, экспрессивті-эмоционалды бояуын, көркемдік қуатын арта түсіретін дүниелер



болып табылады. Мысалы: «Маңыраған қойдай шулайды», «Ақ бөкендей ойнайды», «Аш күзендей белін бүгілтіп», «Күшіктей даусын қыңсытып», «Арыстандай ақырған», «Жолбарысша жорыттым», «Қабыландай қайранға соғып», «Үдей соққан дауылдай», «Мылтығын қардай боратып», «Оқ жаңбырдай жауған күн», «Сапырып судай инашқан күн» т.б. Бұл – теңеулер көнелігінің, көркемдік дәстүр жалғастығының, Махамбет поэзиясының ата-бабалар ойлау-пайымдауы мен қаһармандық жырлардың әсері негізінде туындағандығының көрсеткіші.

Сонымен қатар, Махамбеттің өзіндік қолтаңбасын танытатын соны теңеу-суреттер де аз емес. Мысалы: «*Қызғыштай болған есіл ер*», «*Еркек қойдай бөлініп, // Қырқарланып өткен ер*», «*Жау бір өрттей қайнайды*», «*Қайраңнан алған шабақтай // Қия бір соғып ас етсем*», «*Құландай аңы дауыстым!*», «*Қырмызыдай ажарлым!*», «*Хиуадай базарлым*», «*Теңіздей терең ақылдым!*», «*Мен келелі қара бұлтпын*», «*Шортаны қара бақандай*», «*Бақасы сары атандай*», «*Сонасы қоңыр үйректей*» т.б.

Махамбет өлеңдерінің тақырыбына орай ақын тіліндегі «*шамырқансам, шатынап сынар болатпын*», «*суаруы қанық көк сүңгі ем*», «*қылыштай қиғыр алмас ем*» деп келетін метафоралы теңеулер іспеттес жануарға, өсімдікке, құсқа, табиғат құбылысына баланып жасалған теңеулердің негізінде де қас батыр, ел қамы үшін күрескен азамат бейнесі сомдалады: «*Атадан туған аруақты ер, // Жауды көрсе, жапырар // Үдей соққан дауылдай*», «*Арыстандай ақырған // Айбатыма шыдамай, // Хан баласы жылады-ай*», «*Бұрала біткен емендей // Қисық туған сорлы ағаң*», «*Палуан жолбарыс секілді // Алысканды алып ұрған білегім*», «*Атқанын қардай боратқан, // Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан*» т.б.

«Поэзия - әсемдік әлемі, ол – халықтың ақын, жырау қаламымен (көмейімен) танытылған эстетикалық, философиялық, психологиялық, танымдық дүниесі» [1]. Ал поэзия тілінде сол дүниені көрсетуші құралдардың бірі болып – *метафора* танылады. Әдеби тілді ажарлау аз, құбылту керек. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлілігі үшін де орасан қажет тәсіл - құбылту немесе троп (грекше tropos - иін, пірім) - сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті өңін айналдырып айту. Бұл ретте әдеби тілді ажарлау оны құбылтудың ең қарапайым түрі деуге болады. Құбылтудың түрлері көп. Әдеби тілдегі ең басты құбылтудың түрі ауыстыру, яки - метафора (грекше metaphora - көшіру) - сөз мәнін өңдендіруде өзгертін айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау [2.214].

*Метафора* – бұл екі затты немесе құбылысты ұқсатып салыстыру негізінде, олардың белгі-қасиеттерінің ассоциациялануы нәтижесінде сөздің ауыспалы мағынада жұмсалуды. Сонымен қатар ол сана мен тілдің тығыз байланысын, дүние туралы ойлаудың тілдік бейнеленуін көрсететін ерекше құбылыс болып танылады. Оның мәні екі затты немесе құбылысты ұқсатып салыстыруда ғана емес, соның негізінде дүниені, қоршаған ортаны танып-білуде. *Метафора* – ойлау мен танымның, шығармашылық процестің, ұзақ уақыттың нәтижесі болып табылады. Ол әрдайым ауыспалы мағынада келіп, ойды дәл жеткізу, көркем де әсерлі бейне тудыру, тың мазмұн үстеу ерекшелігіне орай поэзия тілінде кеңінен орын алады. Махамбет поэзиясында сомдалған көркем бейнелердің көбі де осы метафора тәсілі негізінде туындаған [3].

Бірқатар еңбектерде Махамбет өлеңіндегі шар сөзі осы «шарық қайрақ» мағынасында танылады. Мысалы, ғалым З.Ахметов жоғарыда келтірілген өлең жолындағы «*балта*» сөзінің метафоралық мән-мағынасы жөнінде: «Балтаның әртүрлі ерекшеліктерін сипаттайтын анықтама сөздер күрескер ақынның бейнесін де сипаттайды... Алдымен өзін «шарға ұстаған» – қайралған, өткір балта деуі ел бастауға, күреске, батыл қимылға тиісті дайындығы болғанын, соған бел байлаған қалпын танытады. Ал «шабуын таппай кетілдім» деп сол күрестің сәті түспегенін, өзінің



мақсатына жете алмай, күші азайып, көңілі басылғандай боп қалғанын аңғарта келіп, керекті жағдай туса, әлде де күреске шығатын жігер-қуаты бар екенін «қайраса, тағы жетілдім» деумен айқын да әдемі етіп айтып береді» [4], - деп жазады.

#### Қолдалынған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р.С. Махамбеттің әр сөзін түсініп оқысақ //2003.
- 2.3. Қабдолов. Сөз өнері. Алматы. 1992 ж.
3. А.А.Хабиева. Тарихи лексиканың мазмұндық құрылымындағы коннотаттық компоненттер (Махамбет шығармашылығы негізінде). Автореферат. Алматы: 2007 ж.
4. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы – Алматы: Мектеп, 1973 ж.

### КӨРКЕМ ПРОЗАДА ҰЛТТЫҚ ТАНЫМНЫҢ БЕРІЛУІ

*Испандиярова А.Т.*

*А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы*

Бұл мақалада көркем прозаның дүниетанымдық аспектісі қарастырылады. Автордың танымдық көзқарасы көркем шығарманың мазмұны арқылы айқын және дәл берілген.

В данной статье рассматриваются аспекты мировоззрения художественной прозы. Познавательные взгляды автора отражаются четко и ясно через содержание произведения.

This article deals with aspects of the outlook of fiction prose. Cognitive views of the author are reflected deeply and directly through the contents of the work.

Адамзат баласының болашақ үшін қоғамдық, мәдени-әлеуметтік, экономикалық т.б. күресі, сан ғасырлық тарихы, рухани жаңғырулары ұрпақтан-ұрпаққа сол ұлттың тілінде сақталуы арқылы жетеді. Ана тілінің өміршеңдік қызметінің қуаты мен құдіреті негізінде жаңа ұрпақ ұлтымыздың көне тарихы мен мәдениетін дұрыс танып білуге бастау алады. Осы бастаулар кешенді тіл ғылымының көкжиегінде ұлттық мәдениеттің көзі ретінде тағлымдық мәні зор ұлттық тілдің өн бойынан табылады. Осымен байланысты тіл табиғатының қыр-сыры өзге ғылым салаларымен ( философиялық, мәдениеттану, антропология, психология, мифология, этнография т.б.) тығыз қарым-қатынастың негізінде танылып, зерделеніп отыр.

Тіл - ойды жарыққа шығаратын негізгі құрал. Тіл мен ой біртұтас ұғымдар. Әрқайсысы тіл білімі мен логика сияқты өз алдына жеке ғылым салаларының объектісі бола тұрса да, бірінің қызметі екіншісіне тәуелді категориялар болып табылады. Тілдің ойды жарыққа шығарып жеткізу қызметі сол ойдың қабылдаушы тарапынан қабылдану тетіктері арқылы жүзеге асады. Мұның негізінде тіл де өзінің қоғамдағы қарым-қатынас құралы ретіндегі негізгі қызметін атқара алады. Тіл білімінде тіл мен ойлаудың біртұтастығы жөніндегі бұл сияқты тұжырым бірнеше кезеңдер, уақыттар үлесінде өз дәлелдемелерін көптеген ғылыми еңбектерден тауып, қазіргі таңда нақтыланған, орныққан тілдік заңдылыққа айналды. Осы орайда этнолингвистика мен лингвомәдениеттану ғылымдарының сабақтастығын тіл мен мәдениет сабақтастығының көрінісі деп анықтауға болады.

Тіл мен ойлаудың бірлігінің арнасында қарастырылатын жекелеген өзекті мәселелердің бірі - тіл мен оның дүниетанымдық қызметі. Осымен байланысты жеке ұлт тілі ретінде қазақ тілінің дүниетанымдық қызметінің қазақ тілінің негізінде қарастырылуының маңызы, оның ұлт мүддесі үшін қызметі, керісінше, ұлт дүниетанымдығындағы қасиеттердің, арнайы ұғымдардың ана тіліміздегі көрініс табуы да өз